

ҚОР САРҚЫЛСА, МОЛ САРҚЫЛАДЫ...

Геология саласы – жер қойнауын игерудегі ең бір күрделі кезең. Иен даланы шарлап, қатпарларды барлап, кен орнын тапқаннан кейін де оны өндіру үшін кемі он жылдың жүзі керек екен. Шындығын айтқанда, Қазақстанның жер пайдаланушылары осы қиындық пен шығыннан 30 жыл бойы қашып келді. Еліміздің барланған минералды шикізат базасы – Кеңес Одағы ғалымдарының еңбек-мұрасы. Бірақ енді бұл жұмыстарды кейінге ысыра беруге болмайды.



→ 4



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІ НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин этносаралық келісімді нығайту мәселелеріне арналған республикалық жиын өткізді. Басқосуға Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері қатысты.


Жиынға қатысушылар қазіргі ахуал туралы баяндап, аймақтарда этносаралық қатынас саласында тұрақтылықты қамтамасыз етуге, азаматтық қоғаммен бірлесіп жұмыс істеуге, мемлекеттік ақпарат саясатын жүзеге асыруға қатысты қолға алынып жатқан шаралар туралы мәлімет берді. Қазақстан халқы Ассамблеясын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу және бұл құрылымның форматын жетілдіру мәселесіне айрықша назар аударылды.

Сонымен қатар жиында биыл өтетін маңызды қоғамдық-саяси іс-шаралар қарсаңында жалпыұлттық бірлікті одан әрі нығайту шаралары талқыланды.

Жиын соңында Мемлекеттік кеңесші жауапты мемлекеттік органдарға этносаралық келісімді қамтамасыз етуге және барлық деңгейдегі үйлестіру жұмысын күшейтуге бағытталған ішкі саяси жұмыстың басым бағыттары бойынша нақты тапсырмалар берді.

ЖОСПАРЛЫ ДАМУ – ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК

Абай облысында 2028 жылға дейін жалпы құны 2,7 трлн теңге болатын 29 инвестициялық жоба жүзеге асады. Бұл жобалар 8 мың жаңа жұмыс орнын ашып, аймақ экономикасына серпін бермек. Осы және басқа да оң өзгерістер жайлы аймақ басшысы Берік Уәли өңірдің даму жоспарына арналған жиында мәлімдеді.



→ 6

АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛМЕЙ ТҰР

Еліміздегі 705 ауыл мен 18 қала осы күнге дейін таза ауызсумен қамтамасыз етілмеген. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға қарай барлық елді мекенді таза ауызсумен 100% қамтамасыз етуді тапсырғанына және соңғы үш жылда бюджеттен 700 млрд теңгеден астам қаражат бөлінгеніне қарамастан, ондаған мың отандасымыз құдық пен су таситын көліктерді пайдалануда. Осы жағдай «AMANAT»-тың Партиялық бақылау комитетінің отырысында талқыланды. Оған орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс режимі арқылы облыс әкімдерінің орынбасарлары қатысты.



→ 3

ТАЛАНТТАР ТАНЫЛҒАН КЕШ

Таяуда үш айға созылған Алматы қаласы жастарының Jas Gala шығармашылық фестивалі жеңімпаздары анықталды.



→ 7

ДӘМ МЕН ДӘСТҮР ТОҒЫСҚАН МАМЫР ТОЙ

BaiQymyz жобасының авторы Жұмажан Қалтаевтың арманы – қымызмұрындық мерекесін қайта жаңғыртып, кең көлемде атап өту.



→ 8

БАСПАСӨЗ-2025



АІОҰН

АІОҰН республикалық қоғамдық-саяси газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакция бағасы	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 -AIQYN	6 ай	10 500	15 871,08	11 854,86
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай	6 250	7604,46	



Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



20 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖАЙЛЫ ЖОЛ – САПАЛЫ ӨМІР КӨРСЕТКІШІ

Кеше Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 22 мамыр күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті. Сондай-ақ осы аптада өткізілетін іс-шараларды пысықтады.



Отырыс барысында бюро мүшелері «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды палата отырысының күн тәртібіне шығару жөнінде қаулы қабылдады.

Бұл заң екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайтуды көздейді. Атап айтқанда, бір Тараптың екінші Тараптың аумағындағы инвестицияларын жүзеге асыру, сондай-ақ екі мемлекеттің аумақтарындағы инвестициялық қызметке байланысты мәселелерді реттеу үшін қолайлы режим құру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Сонымен қатар бюро отырысында Сенат комитеттері өткізетін алдағы іс-шаралардың тақырыптары талқыланды. Осы аптада республикалық бюджеттің әлеуметтік салаға арналған шығыстары бойынша мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы және Қазақстандағы мемлекеттік-жекешелік серіктестіктің мәселелері мен перспективалары жөнінде отырыстар өтпек. Сондай-ақ депутаттардың мүдделі тараптармен жасыл технологиялар мен инвестицияларды дамытуға қатысты бірқатар кездесуі ұйымдастырылады.

Жоспарланған маңызды іс-шаралардың бірі – «Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын салу және пайдалану: ағымдағы жай-күйі, өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған Үкімет сағаты.

«Үкімет сағатында осыған дейін өткізілген кездесулерде сарапшылар айтқан ұсыныстарды ескере отырып, саладағы қордаланған мәселелерді жүйелі шешу жолдары талқыланады. Жолдың сапасы тек көлік инфрақұрылымы ғана емес, сондай-ақ ол – тұрғындардың қауіпсіздігі, экономикалық белсенділік пен өмір сүру сапасының көрсеткіші. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жақында өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында көлік-логистика саласын дамыту мәселелеріне, оның ішінде ірі инфрақұрылымдық-транзиттік жобалардың жай-күйіне назар аударды. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды Мемлекет басшысы айқындап берген стратегиялық мақсаттар аясында нәтижелі жүзеге асыру – баршамыздың ортақ міндетіміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ бюро мүшелері бұған дейін Парламент Мәжілісі қабылдаған заңдарды жұмыс үшін Сенаттың комитеттеріне бөліп берді.



ЕСІРТКІ МЕН КИБЕРҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінің отырысына қатысты. Жиын Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өтті.

Іс-шара басталар алдында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Парламент делегацияларының басшыларын қабылдады. Ол ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының Ұйым қызметін заңнамалық тұрғыда қолдаудағы рөлін жоғары бағалап, отырыстың табысты өтуін тіледі.

Ерлан Қошанов ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінде сөйлеген сөзінде Жогорку Кеңеш Төрағасы Нурланбек Шакиевке 2025 жылы Қырғыз Республикасының Ұйымға төрағалығы аясындағы басымдықтарды жемісті жүзеге асыруына тілектестік білдірді.

Қазақстан делегацияның басшысы әріптестерінің назарын ҰҚШҰ-ға мүше елдерде есірткінің заңсыз айналымы мен интернет алаяқтықтың өсуіне аударды. Ол мұндай жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы заңнамалық тосқауыл қою үшін күш біріктіруге шақырды. Мәжіліс Төрағасы миллиондаған адам осы қылмыстың құрбанына айналатынын, ал ұйымдастырушылары көбіне шетелден әрекет ететінін атап өтті.

ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы синтетикалық есірткі мен киберқылмысқа қарсы іс-әрекет саласында ортақ құқықтық кеңістік құруға ықпал ете алады. Қазақстан депутаттары осы жұмысқа белсене атсалысуға дайын. Бұл мәселелерде бізде бұрыннан қалыптасқан құқықтық тәжірибе бар. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша есірткі қылмыстарына қатысты жауапкершілік заңнамалық

тұрғыда едәуір күшейтілді. Биылғы Парламенттік сессияның соңына дейін интернет алаяқтық үшін де жауапкершілікті заң жүзінде қатаңдатуды жоспарлап отырмыз, – деді Ерлан Қошанов.

Сондай-ақ Мәжіліс Төрағасы ҰҚШҰ-ға мүше елдердің депутаттарын Ауғанстандағы жағдайды үнемі назарда ұстауға шақырды. Оның айтуынша, елдегі ахуал тұрақтанып келеді.

Ерлан Қошанов Қазақстан тарапының Тәжікстан мен Ауғанстан шекарасын нығайту қажеттігі жөніндегі ұстанымын білдірді. Астанадағы саммитте қабылданған ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасы да осы мәселені шешуге бағытталған. Екінші маңызды міндет ретінде Спикер Ауғанстанға көмек көрсету және елдегі өзекті гуманитарлық мәселелерді шешу үшін халықаралық күш-жігерді біріктіруді атап өтті.

Мәжіліс Төрағасы дәл осы мақсатта Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан елдері үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Өңірлік орталығы құрылғанын еске салды. Ерлан Қошанов сөзін қорытындылай келе, өзара құрмет пен сенім ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясындағы табысты ынтымақтастықтың кепілі екеніне назар аударып, қол жеткізілген барлық уағдаластықтың табысты жүзеге асуына тілектестік білдірді.

Іс-шара аясында Парламент делегацияларының басшылары Бішкектегі Жеңіс монументіндегі Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

ЖАҢА АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ ҚҰРЫЛДЫ



Елімізде «Қорқыт Ата» жаңа арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылды. Тиісті қаулыға Премьер-Министр Олжас Бектенов қол қойды.

Құжатқа сәйкес, АЭА Қызылорда облысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақын 550 гектар аумақта орналасады.

Арнайы экономикалық аймақ аумағында заманауи өнімділігі жоғары,

бәсекеге қабілетті өндірістерді жедел дамыту, қызмет көрсетудің сапалы жаңа деңгейін қалыптастыру, инвестиция тарту, экономика саласында жаңа технологиялар енгізу, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтуды арттыру үшін

мүмкіндіктер жасау жоспарлануда. АЭА-ның «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақындығы Қазақстан мен Орталық Азия нарықтарында өнімді тиімді өткізуге мүмкіндік береді.

АЭА аумағында салықтық және келендік жеңілдіктер ұсына отырып, арнайы құқықтық режим әрекет ететін болады.

2049 жылға қарай АЭА-ға салынатын инвестицияның жалпы көлемін 150 млрд теңгеге, шетелдік салымдарды 80 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Тауарлар өндіру мен қызмет көрсету көлемі 500 млрд теңге деңгейінде болжануда. Қазақстандық қамту үлесі 90%-ға дейін жетеді.

25 жыл ішінде АЭА кәсіпорындарында 3 366 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген, қатысушы компаниялардың саны 39-ға жеткізіледі.

Сондай-ақ мультимодальды әуе хабтарын құру жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде және кеден заңнамасының талаптарына сәйкес, аталған қаулымен «Өңтүстік», «Астана – Технополис», «Сарыарқа», Alatau және «Ақтөбе» АЭА-ға порт аймақтары мәртебесі берілді.



ЖАҒАНДЫҚ МАҚСАТ – ЖЕРГІЛІКТІ ШЕШІМ

Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Орнықты даму жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысында Орнықты даму мақсаттары жөніндегі (ОДМ) үшінші ерікті ұлттық шолудың тұсауке-сері өтті.

БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісінің міндетін атқарушы Стивен О'Малли ұсынылған құжаттың жай ғана есеп еместігін, Қазақстанның БҰҰ–2030 күн тәртібіне адалдығының көрінісі және барлық әлемге еліміздің ілгерілеуі, сабақтары мен амбициялары туралы айту мүмкіндігі екенін атап өтті.

«Қазақстан – шолуды үш жылда бір рет өткізетін санаулы елдердің бірі. Бұл ОДМ бойынша прогресс мониторингіндегі, ашықтықты ілгерілетудегі нағыз көш-басшылығын айқын көрсетеді. Жақында Алматыда ашылған БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы Қазақстанның ОДМ-ны елде де, аймақта да іске асыруға бейілділігін көрсетеді. БҰҰ тұрғысынан мұндай шолуларды жүргізу шынайы әріптестік пен іс-қимылға шақыру ретінде бағаланады. БҰҰ Қазақстан үкіметін толығымен қолдайды», – деп атап өтті Стивен О'Малли.

Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев үшінші құжатта ОДМ-ны жергілікті жерге бейімдеуге, яғни жаһандық мақсаттарды аймақтар мен жергілікті қоғамдастықтар деңгейіне көшіру

мәселелеріне ерекше назар аударылғанын айтты. Сондай-ақ Шолу 2025-тің басты ерекшелігі – азаматтық қоғамның, ғылыми-сараптамалық қоғамдастықтың жұмысына белсенді қатысу.

«Екінші ерікті ұлттық шолу ұсынылған сәттен бастап ОДМ-ны іске асырудың институционалдық негіздерін жетілдіруде елеулі нәтижелерге қол жеткізілді: 2023 жылы Қазақстанның орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру мониторингі жөніндегі парламенттік комиссия құрылды. 2060 жылға дейін елдің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы қабылданды. Орнықты даму мақсаттарының тиімді мониторингін қамтамасыз ету үшін ОДМ ұлттық индикаторлары өзектендіріліп, жалпы саны бүгінде 200-ге жеткізілді», – деді Асан Дарбаев.

Үйлестіру кеңесін қорытындылай келе, Серік Жұманғарин Орнықты даму мақсаттарының қағидаттарын енгізу бірінші кезекте халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, үздік халықаралық стандарттарды қабылдауға бағытталғанын, бұл тұтастай алғанда елдің халықаралық аренадағы беделін нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛМЕЙ ТҰР

Еліміздегі 705 ауыл мен 18 қала осы күнге дейін таза ауызсумен қамтамасыз етілмеген. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға қарай барлық елді мекенді таза ауызсумен 100% қамтамасыз етуді тапсырғанына және соңғы үш жылда бюджеттен 700 млрд теңгеден астам қаражат бөлінгеніне қарамастан, ондаған мың отандасымыз құдық пен су таситын көліктерді пайдалануда. Осы жағдай «AMANAT»-тың Партиялық бақылау комитетінің отырысында талқыланды. Оған орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс режимі арқылы облыс әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

2024 жылдың қорытындысы бойынша, қалаларда орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесіне қолжетімділік – 99,4%-ды, ал ауылдарда – 97,8%-ды құрады. Алайда қалған пайыздар жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері мен олар атқарған жұмыс барысындағы жүйелі сәтсіздіктерге тиесілі.

«Бір бұзушылыққа бірнеше мәрте тап болып отырмыз. Жерасты суының есепке алынбаған деңгейі, немқұрайлы мердігерлер, ЖСК түзетулерін кешіктіру, жоспарлау барысындағы қате есеп. Осы олқылықтар 2020 жылы емес, 2025 жылдың ортасында, Мемлекет басшысының тапсырмасы орындалуы керек кезде болып отыр. Неге Абай облысы Глуховка ауылындағы құрылыс жұмысы 80% дайын нысан иесіз қалды? Неге әлі күнге дейін балансқа қабылданбайды және қорғалмайды? Неге қаражат пен мердігер бола отырып, Қарағанды облысы Шұңқыркөл ауылындағы су құбырында жұмыс кестеге сәйкес жүргізілмейді? Біз нысан құрылысы аяқталатын нақты мерзімді, жауапты орындаушыларды және адамдардың суға қол жеткізуіне кепілдік беруді талап етеміз. Қағаз жүзінде емес, шын мәнінде солай болуға тиіс», — деді «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев.

Партиялық бақылау комитетінің төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцевтің айтуынша, тіпті ресми жоғары көрсеткіштер де мұнымен тоқтап қалуға жол бермейді.

«Біз 97,8%-ды жақсы көрсеткіш деп естіп жатамыз. Алайда жағаға бір метр жетпей қалу, өзенді толық жүзіп өтуеу деген сөз емес. 6 мыңнан астам ауылдың 705-і әлі күнге дейін сусыз отыр. 90 қаланың 18-і толық қамтылмаған. Яғни, сумен жабдықталмаған мектептер, ауруханалар, тұрғын үйлер бар. Мемлекет басшысының тапсырмасы орындалған жоқ», — деді ол.

Өңірлердегі проблемаларға ерекше назар аударылды. Мәселен, Ақмола облысында судың микробиологиялық көрсеткіштер бойынша стандарттарға сәйкес келмеуі 6,7%-ды құрайды. Бұл — республика аумағындағы орташа деңгейден сегіз есе жоғары. Санитарлық-химиялық заттар бойынша — 17,3%. Яғни, нормадан төрт есе көп.

«Біз тек су туралы айтып отырған жоқпыз. Біз адамдардың денсаулығы туралы айтып отырмыз.

Ауылға құбыр тартылып, су берілмеуі — дамудың белгісі емес. Ақмола облысындағы Талапкер және Қажымқан ауылдарында желілер 2018-2021 жылдары салынды. Алайда тұрғындар әлі суға қол жеткізген жоқ. 13 мыңнан астам адам әлі күнге дейін сумен қамтамасыз етілмей отыр. Бұл жергілікті биліктің тікелей жауапкершілігі», — деді комитет төрағасының орынбасары Майра Айсина.

Мемлекеттік аудит нәтижесінде ондаған бұзушылық анықталды. Абай облысында 55 жобаның тек 14-і ғана пайдалануға берілді. Қалғандары тоқтатылды немесе жүзеге асыру мерзімі шегерілді. Павлодар облысы Ақтоғай ауылында су құбыры желілерін тарту жұмысы 2023 жылы аяқталуға тиіс еді. Алайда жұмыс мерзімі бес рет ұзартылды, ал мердігер ешқандай жауапкершілікке тартылмады. Жезқазған қаласында Кенгір су қоймасының түбі 1996 жылдан бері тазаланған жоқ. Бұл су сапасына тікелей әсер етеді.

«Жобалық құжаттар дайындау және тендер өткізу кезінде жиі кездесетін бұзушылықтар байқалды. Жауапсыз мердігерлер үнемі кездеседі. Кейін іс қозғалады. Келісімшарттар бұзылады. Ал тендерге қатысушылар сотқа шағым түсіреді. Мұның бәрі қарастырылып жатқан кезде екі жылға жуық уақыт өтеді. Тендер қорытындысын қарау жұмысы Жоғары Сотқа дейін жеткен фактілер бар. Осы уақыт аралығында жұмыс тоқтап тұрады. Жобалар, техникалық сараптама, смета, бәрі ескіреді, түзетулер енгізіледі және қымбаттайды. Ал адамдар су тартылғанын күтіп отыра береді», — деді комитет мүшесі Әнуар Илиясова.

Абай облысы Бескарағай ауданы Глуховка ауылындағы нысан — өрескел немқұрайдылықтың айқын мысалы. Онда 2021 жылы 586 миллион теңгеден астам сомаға су тарту құрылыстары мен желілерін салуға келісімшарт жасалды. 2022 жылдың соңына қарай жұмыстың 80%-ы тәмамдалғанымен, сол қалпы толық аяқталған жоқ.

«Мердігер жауапсыз деп танылып, шарт бұзылды. Нысан пайдалануға берілмеген, әкімдік балансына қабылданбаған. Соның салдарынан нысан — толық бақылаусыз жағдайда. Сорғы стансасы тоналып, қымбат жабдықтар ұрланды. Есіктер сынып, темір адаптерлер қолды болды. Бұл — немқұрайдылық, қылмыстық әрекетсіздік. Сондықтан осы және өзге де жағдайлар



бойынша барлық материал құқық қорғау органдарына беріледі. Кінәлі тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылуы керек», — деді Әнуар Илиясова.

Отырыста Қарағанды облысындағы жағдайға ерекше назар аударылды. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Арман Қалыковтың айтуынша, алдағы уақытта қызметкерлер жалақысы төмен болғандықтан Қ.Сәтбаев атындағы канал мамандарсыз қалуы мүмкін. Сонымен қатар жабдықтың тозуына қатысты мәселелер де бар.

«Қазір канал апатты жағдайда. Біз ол жакка жиі барамыз. Онда орташа жалақы мөлшері 180 мың теңгені құрайды. Алып сорғыны, биіктігі тоғыз метрді құрайтын білікті және бір жарым метрлік дөңгелекті көзге елестетіп көріңіздерші. Оның бәрін реттеу де оңай емес. Ал бұл адамдар ынта-жігерімен жұмыс істейді. Егер канал токтаса, Теміртау, Қарағанды, Екібастұз және Астана қалалары сусыз қалады», — деді ол.

Бұған жауап ретінде Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің төрағасы Арсен Жаканбаев биыл жана сорғы қондырғыларына тапсырыс жарияланғанын, ал канал 2028 жылға дейін қайта жаңғыртылатынын жеткізді. «ҚазСуШар» РМҚ қызметкерлерінің, соның ішінде К.Сәтбаев атындағы канал персоналының жалақысы биыл 30%-ға көтеріледі.

Бұл ретте, Партиялық бақылау комитеті 2022 жылдан бері сумен жабдықтау мәселесімен жүйелі түрде айналысады. Мәселен, партияластардың күшімен 2024 жылы ішкіде Нұра топтық суағары учаскесін қайта жаңғырту жұмысы аяқталды. Ақмола облысы

Егіндікөл ауданының 30 мыңнан астам тұрғыны алғаш рет орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесіне қол жеткізді.

Отырыс қорытындысы бойынша Партиялық бақылау комитеті барлық артта қалған нысандар бойынша ЖСК әзірлеу және бекіту жұмысын күшейтуді; конкурстық рәсімдерді аяқтауды және әкімшілік кідірістерді жоюды; қаражаттың игерілуіне кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуды; санитарлық тәуекелі жоғары өңірлерде су сапасын қадағалауды қамтамасыз етуді; партиялық бақылау шеңберінде мәслихат депутаттарының жұмысын күшейтуді ұсынды.

«Мемлекеттік органдармен, әкімдердің сумен жабдықтау саласына тікелей жетекшілік ететін орынбасарларымен жан-жақты әңгімелестік. Өз округтерінде елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету жұмысын бақылауға тиіс мәслихат депутаттарына, партиямыздың мүшелеріне де қояр сұрағымыз бар. Егер олар өздеріне жүктелген жұмысты жүйелі жүргізбесе, жауапкершілікпен қарамайтын болса, мандатты қайтарып алуға дейін мәселе көтереміз. Су — артықшылық емес, қажеттілік. Әр отандасымыз суға қол жеткізуге құқылы. «AMANAT» партиясы осы құқықтың әр үйде, әр ауылда, әр қалада сақталуына қол жеткізеді», — деп қорытындылады Павел Казанцев.

Сонымен қатар жиын барысында Партиялық бақылау комитетінің шешімімен сумен қамтамасыз ету нысандарын электр желілеріне қосуды келіспегені және бірқатар нысандағы жұмысты кешіктіргені үшін алты шенеунікке сегіз жарияланды.

КӘСІБИ САБАҚТАСТЫҚ – ТАРИХИ МЕКЕНДЕ

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында QARMET АҚ жанындағы «AMANAT» партиясы филиалының ұйымдастыруымен металлургтердің кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС мен Теміртау металлургиялық комбинаты арасындағы ынтымақтастық негізінде теміртаулық металлургтер Ұлытау жеріне табан тіреді.



Іс-шараның міндеті — екі қаланың металлургия кәсіпорындары ұжымдарының еңбек байланысын кеңейту, өндірістік мәдениет, еңбек қауіпсіздігі мен кадрлық даму мәселелері бойынша тәжірибе алмасу.

Теміртаулық қонақтарды «AMANAT» партиясы Ұлытау облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Мырзабеков «Қазақмыс» корпорациясы» жанындағы партия филиалының атқарушы хатшысы Аскар Нұржанов, Ұлытау облыстық мәслихатының депутаты Силар Қиякбаев бастаған бір топ азамат күтіп алды.

Қонақтар алдымен өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ғалым Қаныш Сәтбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тау-кен металлургиялық мұражайын аралады. Мұражайда өндірістің бүгінгі мен ертені бастан-аяқ қойылған.

Кейін металлургтер Жезқазған мыс балқыту зауытына барып қайнаған қызу тірлікті көрді. Мыс зауыты — 50 жылдан артық ел экономикасының қарқынды

дауына үлес қосып келе жатқан ірі кәсіпорын. Бүгінде зауытта 2 200 адам еңбек етеді.

Қонақтар туристік орынға айналған Жошыхан мен Алашахан кесенесіне де барып, батырлар рухына бағыштап Құран оқыды. Жошыхан кесенесі ғалымдардың болжамы бойынша XIII-XIV ғасырға жатады. Ұлы қолбасшы Шыңғысханның ұлы Жошыханның зиратының үстінен салынған кесене. Бүгінгі күнде бұл әлемнің әр елінен туристер көп келетін туристік орталыққа айналды. Қонақтар да алған әсерлерін жасырмады.

«Мұнда алғаш келуім. Бұл екі кесене — Ұлытаудың ғана емес, жалпы Қазақстанның тарихындағы алар орны бар тарихи орындар. Танертен мыс зауытында болып, жастармен жолықтық. Еңбек жолымыздағы тәжірибемізбен бөлістік. Келгелі аяғымызды жерге тигізбей күтіп жатқан азаматтарға алғысымызды айтамыз», — деді QARMET АҚ этномәдени бірлестігінің жетекшісі Әлішер Жақыпбеков.



БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Қостанайда бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Қала орталығының алаңы бір күнге ірі мансап алаңына айналып, мектеп, колледж және ЖОО түлектері мен жұмыс берушілері кең ауқымды жәрмеңкеде кездесті.

Ол «AMANAT» партиясының жастарды еңбек нарығында өз орнын табуға көмектесетін «Жастарға жұмыс» жобасының бір бөлігіне айналды. Іс-шараны «Жастар Рухы» жастар қанаты, Қостанай облысының жастар ресурстық орталығы және облыс әкімдігі бірлесіп өткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылы «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, олардың ел дамуына қосар үлесіне ерекше назар аударған болатын. Бүгінде мемлекет жастардың жұмысшы мамандықтарын менгеріп, еңбек нарығынан өз орнын табуына барынша қолдау көрсетіп келеді. Қостанайдағы бұл жәрмеңке — соның айқын көрінісі.

Жәрмеңкеге 90-нан астам ұйым, оның ішінде мемлекеттік мекемелерден бастап өңірдің ірі өндірістік кәсіпорындарына дейін қатысты. Олардың қатарында: «Қазтелеком» АҚ, «Отбасы банк» АҚ, «Қостанай минералдары» АҚ, ERG құрамына кіретін «ССКӨБ» АҚ, KIA Qazaqstan АҚ, Allur АҚ, «Баян Сұлу» АҚ және екінші деңгейлі банктер мен өзге де компаниялар болды. Сонымен қатар келісімшарт негізіндегі әскери қызмет бойынша арнайы бөлім жұмыс істеп, осы

салаға қызығушылық танытқан жастарға ұсыныстарын айтты.

Облыстың 20 өңіріндегі мансап орталықтары да жәрмеңкеге тартылып, жастар тек облыс орталығындағы емес, өз ауыл-аймағындағы бос жұмыс орындары туралы да ақпарат ала алды. Ауылдық жерлерде қызметке орналасуға бағытталған «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасы да кенінен таныстырылды.

Іс-шараға 1 000-нан астам адам — студенттер, жұмыссыз жастар мен жана жұмыс іздеп жүрген қала тұрғындары қатысты. Жәрмеңке нәтижесінде 500-ге жуық жас нақты жұмысқа орналасуға жолдама алды.

«Қостанай облысы — өндірістік аймақ, мұнда әсіресе жұмысшы және инженерлік мамандықтарға сұраныс жоғары. Біз жәрмеңкені қала орталығында өткізу арқылы жұмыс берушілер мен жастар арасында барынша ашық әрі қолжетімді диалог аламын жасауды көздедік. Сонғы алты жылдан бері осындай іс-шараларды тұрақты түрде өткізіп келеміз. Осы уақыт ішінде 10

мыңнан астам жас жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болды», — деді Қостанай облыстық «Жастар Рухы» жастар қанаты филиалының төрағасы Аружан Сәрсенбаева.

Көптеген тұлға үшін бұл жәрмеңке кәсіби өмірге алғашқы қадам болды. Мәселен, Қостанай политехникалық жоғары колледжінің түлегі Мансұр Мадияров өндірістік кәсіпорындардың бірінен тағылымдамадан өтуге ұсыныс алды.

«Мен өндірістік технологияларға бұрыннан қызығамын, мамандығым — техник-электромеханик. Осы жәрмеңке арқылы зауыт өкілдерімен тікелей сөйлесуге мүмкіндік туы. Маған жазғы тағылымдамадан өтуді ұсынды, егер бәрі сәтті өтсе, тұрақты жұмыс орнына қабылдануым мүмкін. Бұл — өзімді көрсетуге үлкен мүмкіндік», — деді ол.

Айта кетейік, «Жастар Рухы» жастар қанаты «Жастарға жұмыс» жобасын 2023 жылдан бастап жүзеге асырып келеді. Осы уақыт ішінде 30 мыңнан астам жас жұмысқа жолдама алды, 5 мыңнан астам жұмыс берушімен меморандумға қол қойылды. Соңғы екі жылда еліміз бойынша 200-ден астам бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтіп, 200 мыңға жуық адам қатысты. Сонымен қатар 30 мың жас кәсіпкерлікке арналған 2,5%-дық жеңілдетілген несие бойынша кеңес алды.

ӨЗЕКТІ

20 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Геология саласы – жер қойнауын игерудегі ең бір күрделі кезең. Иен даланы шарлап, қатпарларды барлап, кен орнын тапқаннан кейін де оны өндіру үшін кемі он жылдың жүзі керек екен. Шындығын айтқанда, Қазақстанның жер пайдаланушылары осы қиындық пен шығыннан 30 жыл бойы қашып келді. Еліміздің барланған минералды шикізат базасы – Кеңес Одағы ғалымдарының еңбек-мұрасы. Бірақ енді бұл жұмыстарды кейінге ысыра беруге болмайды.

Нұрлан ҚОСАЙ

ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫНДА ЖЕТІСТІК ТЕ, ОҚЫЛЫҚ ТА БАР

Әуелі сөз басын жетістіктерден басталық. Қазақстанның геология саласы даму мен инвестиция тарту бағытында айтарлықтай нәтижелер көрсетіп отыр. Елімізде соңғы 30 жыл ішінде темір, марганец, алтын, уран, мұнай және газ сияқты пайдалы қазбалар қорының өсуі байқалады. Минералдық-шикізат базасында қатты пайдалы қазбалардың 987 кен орны бар. Оларды барлау қарқыны оң нәтижелер көрсетуде. Былтыр ірі халықаралық компаниялар геологиялық барлауға шамамен 41 миллиард теңге инвестициялаған. 2018 жылдан бері 2 906 барлау лицензиясы және 111 өндіру лицензиясы берілген. Соңғы бес жылда геология саласына 1 миллиард АҚШ доллары көлемінде жеке инвестициялар тартылды. Мемлекеттік геологиялық зерттеу аясында жер қойнауын зерттеу жұмыстары жалғасуда, оның ішінде Құйрықтыкөл учаскесіндегі іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл учаскедегі қорлар шамамен 800 мың тонна сирек жер металдарын құрайды. Десе де, геология саласында жетістіктермен қатар кемшіліктері де бар екенін мемлекеттік орган өкілінің өзі де мойындап отыр. «Алайда геология саласы бірқатар мәселеге тап болуда. Олардың ішінде ғылыми кадрлардың тапшылығы, инфрақұрылымдардың жоғы немесе нашарлығы, болжамды қорлардың жүзеге асырылу деңгейінің төмендігі және геологиялық барлау жұмыстарын жеткіліксіз қаржыландыру бар. Расында да, басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанда мемлекеттік геологиялық барлауға бөлінетін қаржы көлемі төмен. Шетелдік инвесторлар геологиялық ақпаратқа қол жеткізуде қиындықтарға тап болуда. Бұл жер қойнауын пайдалануға инвестиция тартуды қиындатып отыр. Осы мәселелерді шешу үшін ел аумағының геологиялық зерттелу деңгейін арттыру, геология саласының инфрақұрылымын және геология ғылымын дамыту, сондай-ақ өндірістік



ҚОР САРҚЫЛСА, МОЛ САРҚЫЛАДЫ...

үшін өз қаражаты есебінен жер қойнауын барлаумен айналысатын инвесторлар үшін салық жеңілдіктері мен преференциялар енгізуді, геологиялық барлаудың практикалық кезеңіне жедел көшуге мүмкіндік беретін сараптама кезеңдерін қысқартуды және әкімшілік кедергілерді жоюды қарастырып отыр. Қазақстан геологиялық деректерді белсенді түрде цифрландыруда. Мәселен, OCR және

батыс өңірлерге, соның ішінде Сырдария бассейніне және сирек металдар бойынша перспективалы аймақтарға аударылады.

ҚАРЖЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІК ЕГІЗ

Еліміздің ғана емес, әлемнің көптеген елінің тау-кен, қаржы, ақпараттық технология және тағы да басқа салалар-

керек сияқты. Осы максатта бүгін сіздерге осы концепцияны таныстыруға келіп отырмын», — деді ол.

Өзінің жасап шығарған жобасын инкубатор сипатындағы құрал екенін айтқан қаржы маманы одан бөлек түрлі қормен немесе тікелей инвестициялармен жұмыс істеу мүмкіндіктері туралы да түсіндірді. Жиында сондай-ақ кен орындарындағы қауіпсіздік жайы да сөз болды.

«Соңғы уақыттары адам өліміне алып келген техногендік апаттардың болып жатқанын білесіздер. Сондықтан да Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Азаматтық қорғаныс туралы» заңға өзгерістер мен түзетулер енгізілуде. Заң жобасы Мәжілістің қарауында жатыр. Онда біздер «Кәсіпкерлік кодексінде» көрсетілген 5%-дық шектеуді алып тастау жайын қозғап отырмыз. Бірақ бұл барлық кәсіпорынға жаппай тексеріс жүреді деген сөз емес. Айталық, бізде қадағалауға жататын қауіпті өндірістік субъекті боп саналатын 10 мыңнан астам кәсіпорын, қауіпті өндірістік объект боп саналатын 200 мыңнан астам кәсіпорын бар. Заң қабылданған жағдайда солардың ішіндегі «ерекше қадағалауда» тұрғандарын міндетті түрде тексереміз. Сол сияқты құжатқа технологиялық қайта жарактану, Кәсіби апаттық-құтқару қызметін нығайту мәселелерін енгізіп отырмыз», — дейді Төтенше жағдайлар вице-министрі Серік Төленбергенов.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҚАЖЕТ

Қазақстанның минералды-шикізат базасына қатысты ең үлкен проблема — барланған ресурстардың шектеулі екенінде. Дәл қазіргідей өндіру қарқынымен металл кені берісі 20 жылда әрісі 40 жылда таусылуы мүмкін. Ал 100 жыл көлемінде түгелдей сарқылып бітпек. Мұнай-газ саласына қатысты

да осыны айтуға болады. Көміртегі қоры бүгінгі жылдық 100 млн тонна өндіру көлемімен ресми түрде 60 жылға дейін жетеді делінеді. Онда да мұндағы ресурстық база тек 3 кен орнының, атап айтқанда Қарашығанақ, Теніз, Қашағанның арқасында ғана мол болып көрініп тұр. Еліміздегі мұнай өңдеу зауыттарын шикізатпен қамтып отырған солар. Одан өзге кен орындарының қоры 5-15 жылдан әрі аспайды. Ал геологиялық барлау жұмыстары баяу жүруде. Ендеше мұндағы басты қауіп мемлекет кірісінің 70%-ын осы сектордан түсетін табыс құрайтыны болып отыр. Сондықтан саланың орнықты дамуына дұрыс көңіл бөлген жөн. «Қор сарқылса, мол сарқылады» демекші, мамандар бүгінгі бар ресурстар күткен уақыттан да бұрын таусылуы мүмкін екенін айтады. Сол себеп болжамдарға

«**Жер қойнауын геологиялық-геофизикалық зерттеудің 2019-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру бойынша негізгі төрт бағыт бойынша 112 учаскеде жұмыстар аяқталған. Оның қорытындысында болжамды ресурстары бар 38 перспективалы бағыт анықталды.**

сенбей, минералды-шикізат базасын толықтыру бағытында жедел шаралар қажет. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан стратегиялық шешім қабылдау қарсаңында тұр.

«Мен геологиялық саланың мәселелеріне ерекше тоқталғым келіп отыр. Соңғы үш жылда металдар мен минералды шикізаттың өзге де түрлеріне баға тұрақты өскеніне қарамастан, геологиялық барлауға мемлекет тарапынан да, жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан да инвестиция бөлу азайып кетті. Оның соңы келенсіз салдарға әкеліп отыр. Мәселен, саладан білікті мамандар жаппай кете бастады, сервистік компаниялар дағдарысқа

тап болды. Жағдайды қазіргі заманғы жабдықтарды, технологияларды және бағдарламалық шешімдерді енгізу арқылы ішінара реттеуге тырысқанымен, оның әсері әзірге аз болып тұр. Бұл тұста ең қатты алаңдаушылық тудыратыны геологиялық барлау саласында кәсіби сабақтастықтың жоғалып бара жатқаны», — дейді Esil-Mining компаниясының бас консультанты Николай Каменский.

Білікті маман геологиялық саладағы проблемаларды шешудің бірнеше жолын ұсынып отыр. Соның бірі — бүгінде қоры сарқылып бара жатқан «қара алтынға» қатысты. Айтуынша, еліміздегі МӨЗ-дерде өңделетін табиғи мұнайды көмірден алынған синтетикалық мұнаймен алмастыруға болады екен. Ол үшін елімізде көмір-химия кешенін осы бастан дамыту қажет. Көмірді терең өңдеу арқылы ішкі сұранысты, яки бүгінде жылына 2-3 миллион тоннадай құрайтын мұнай өнімдерінің, соның ішінде негізінен дизельдік отын тапшылығын ішінара өтеуге болады. Сонымен қоса, көмір химиясын дамыту жоғары қосылған құны бар экспортқа бағытталған өнімдерді өндіруде зор перспектива ашпақ. Олар — метанол, синтетикалық майлар, еріткіштер, халықаралық нарықта сұранысқа ие пластмасса және басқа да химиялық материалдар.

«Минералды-шикізаттық базаның орнын толтырудың бірден-бір жолы — жер қойнауының терең горизонттарын барлауды мемлекет тарапынан аямай қаржыландыру. Сондай-ақ борпылдақ шөгінділер астындағы қабатты да зерттеуді назардан тыс қалдырмау қажет. Дәл қазір Қазақстан үшін пайдалы қазбалардың барлық дерлік түрінің өндірістік қорын ұлғайту үшін орасан зор мүмкіндік туып тұр. Тек ол ресурстың бәрі қалың жер қабатының астында жасырылған. Кем дегенде 300-400 метрден төмен тереңдікте жатыр. Бұл мәселені шешу үшін қомақты инвестиция, білікті кадрлар, геологиялық барлауды дамытудың ұзақмерзімді стратегиясы қажет.

Осы тұста геологиялық барлауға инвестиция тартуды ынталандыруға қатысты балама жолдарды ұсынғым келеді. Соның бірі — жер қойнауын пайдаланушыларға ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға (НИОКР) бөлетін қаражатының бір бөлігін геологиялық барлау жұмыстарының кен іздеу кезеңіне пайдалануға рұқсат беру. Қазір мұндағы жылдық шегерімдер 157 млрд теңгеден асады, мәселен 2024 жылы 167,2 млрд теңге болған. Ал іздеу жұмыстарына бірде-бір теңге бөлінбейді.

Сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға бөлінетін қаражаттың бір бөлігін кен іздеу жобаларын жүзеге асыратын кіші компанияларға грант ретінде беру жолдарын қарастырған жөн. Бұл барлаудың бастапқы сатысына жеке бастамаларды тартуға, жана кен орындарын ашуды жеделдетуге, перспективалы геологиялық идеяларды жүзеге асыру арқылы саланы жандандыруға мүмкіндік береді», — дейді Esil-Mining компаниясының бас консультанты Николай Каменский 3-ші халықаралық «Қазақстанның тау-кен конгресінде» сөйлеген сөзінде.

Оның айтуынша, қазір әлемдік геологияда орасан зор ауқымдағы жұмыстарды қысқа мерзімде орындауға мүмкіндік беретін көптеген жана технология мен мүмкіндік пайда болған. Ал осыдан 20 жыл бұрын ол жұмыстарды жүзеге асыру үшін үлкен ұжымдар айлап-жылдап еңбек ететін. Десе де, мұндай ілгерілеушілік негізінен геологиялық барлау жұмыстарының соңғы кезеңіне, яки қорытынды есептерді жазуға ғана қатысты. Оған дейінгі жұмыстарға бәрібір де адамның тікелей араласуы керек. Ал ол жұмыстар ұшқан құстың қанаты талатын, адам аяғы баса бермейтін, құла түзде жүргізіледі. Сондықтан да оған қыруар қаржы, қажырлы еңбек қажет. Мәселен, Намибияда бұрғылаудың ұзына бойғы метрі 200 доллар, Зимбабведе 170-180 доллар тұрады. Ал Қазақстанда — 70-80 АҚШ доллары. Бұл сервистік компаниялардың табыстылығын қамтамасыз етпейді. Осыған ұқсас жағдай геофизикалық, геохимиялық, геологиялық барлау және басқа да жұмыстарға да қатысты. Саланы тұрақсыз қаржыландыру салдарынан мамандардың шетелге кетуі байқалады, бұл ел ішіндегі біліктілік пен құзыреттілік сапасын әлсірете түспек. Ал дер уақытында барлау жұмыстарына кіріспесек, 2030 жылдан бастап МӨЗ-дер мұнайды ішкі нарық үшін халықаралық бағамен сатып алуға мәжбүр болмақ. Бүгінгі күннің бір шындығы осы.



Елдар ҚАБА (қолжазба)

техникалық процестерді цифрландыру мен автоматтандыру жоспарлануда. Бүгінде Қазақстан аумағының геологиялық барланған көлемі 2 миллион шаршы шақырымнан асады, бұл жалпы аумақтың шамамен 74%-ы. 2026 жылға қарай зерттеу аумағын 680 мың шаршы шақырымға дейін ұлғайту көзделуде. Ал 2029 жылға қарай пайдалы қазбаларды өндіруді 40%-ға арттыру жоспарлануда. Осылайша, бар қиындыққа қарамастан, Қазақстанның геология саласы дамуын жалғастырып, инвесторлар тартып, елдің тұрақты экономикалық өсімі үшін жана тәсілдер енгізілмек», — дейді Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитеті төрағасының орынбасары Марғұлан Байбатыров.

Оның айтуынша, 2025 жылы «Қаз-МұнайГаз» компаниясы Атырау, Ақтөбе және Ұлытау облыстарындағы «Береке», «Шығыс» және «Шу-Сарысу» учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарын бастауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ 2024 жылы «Шеврон» компаниясымен Ақтөбе облысында зерттеу жүргізу туралы келісімге қол қойылған. Үкімет геологиялық барлауды ынталандыру

АІ көмегімен мұрағаттық деректерді ауқымды цифрландыру, сондай-ақ цифрлық модельдерді құру үшін графиканы цифрландыру іске қосылды. Еліміздің геологиялық қорларындағы алғашқы геологиялық ақпараттың жалпы көлемі 4,5 миллионнан астам бірлікті құрайды. «Жер қойнауын геологиялық-геофизикалық зерттеудің 2019-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру бойынша негізгі төрт бағыт бойынша 112 учаскеде жұмыстар аяқталған. Оның қорытындысында болжамды ресурстары бар 38 перспективалы бағыт анықталды. Олар — 2,6 млн тонна сирек жер металдары, 3,7 млн тонна мыс пен никель, 1,1 млрд тонна қоңыр көмір және 19 тонна алтын. Бұдан басқа, мұнай-газ өнеркәсібі Арал шөгінді бассейнінде 266 млн тонна көлемінде алынатын көмірсутек ресурстарын растады. Енді «Жер қойнауын геологиялық-геофизикалық барлаудың 2025-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру жалғасатын болады. Ол қалған 200 мың шаршы шақырымды қамтиды. Негізгі назар оңтүстік және

ындағы тәуелсіз сарапшылар мен кәсіби мамандардың басын қосқан Қазақстанның 3-ші халықаралық тау-кен конгресс-көрмесінде геологиядан бастап қаржы, қауіпсіздік, өндіріс, технология, кадр мәселелері айтылды. Мәселен, соның ішінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының атқарушы директоры Айнұр Қаппарова тау-кен саласын қаржыландыру мақсатында жаңа жобалау кеңселері ашылғанын хабарлады. АХҚО-да бүгінде 3 мыңнан астам компания тіркелген болса, оның 500-ден астамы қаржылық компаниялар екен. Сондай-ақ тау-кен саласы инвесторларының да қарасы бар.

«Бүгінде геологиялық барлау кезеңіндегі жобаларды қаржыландыру мәселесі қиындау екенін көріп отырмыз. Мәселен, елімізге қаржыландыратын жоба іздеп келетін көптеген қор, инвестор, стратегиялық компаниялар бар. Екінші жағынан бізде жобасына қаржы іздеп жүрген кәсіпкер де көп. Бірақ неге екенін белгісіз, олар өзара жиі кездесе бермейді. Сондықтан да менің ойымша, әр жобаға жеке-жеке қаржыландыратын құрал іріктеп шығару

ҚЫЗЫЛША – ҚОРҒАНСЫЗ БАЛАҒА ҚАТЕР

Қызылша ауруын «ұмыттық» деп арқамызды кеңге салып жүргенде, бұл ауру қайта ушықты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, COVID-19 пандемиясы кезінде көптеген елде балаларға арналған жоспарлы вакцинация бағдарламалары бұзылды. Осылайша, қызылшаға қарсы иммунитет төмендеді. Жыл өткен сайын қызылшаға шалдыққандар статистикасы артуда. Ал вирустық инфекциядан көп зардап шегетін – балалар. Қызылшаны құрықтаудың жолы қандай? Екпеден бас тарту эпидемияға жол аша ма?

Көктем ҚАРҚЫН

СТАТИСТИКА ЖАҒА ҰСТАДАДЫ

Қызылша ауруы бұрын екпе арқылы тежелгенмен, соңғы жылдары вакцинация деңгейінің төмендеуі эпидемияға әкеліп соқты. Бұл – екпенің қоғам үшін қанша-лықты маңызды екенін дәлелдейтін нақты мысал. Аталмыш инфекция жөтелгенде, түшкіргенде ауа тамшылары арқылы тез беріледі. Жаппы, соңғы жылдары вакцинаға қарсы ата-аналардың көбеюі де қызылшаның кең етек жаюына әкелді. Статистикаға назар аударсақ, Қазақстанда 2018 жылы қызылшамен ауырғандар көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 3,2 болды. Жұқпалы аурудың өршіген кезі 2019 жыл болатын. Оны жұқтырғандар саны 22 есе артып, 100 адамға шаққанда 71,8-ге жетті. Сол жылдары балалар арасында қызылша көрсеткіші аса жоғары болды. 100 мың тұрғынға шаққанда Астанада – 250,36, Шымкентте – 302,26, Маңғыстау облысында – 210,7, Түркістан облысында 54,47 ауру тіркелді. Алғаш рет елімізде жана В3 мен D8 штамындағы вирустың жана генотипі анықталды. 12 және 23 айлық балалардың вакцинамен аз қамтылуына байланысты В3 мен D8 штамдары аса ауыр өтіп, шетінегендер көрсеткіші жоғары болды.

Ал 2023 жылы Қазақстанда қызылша ауруының 29 648 жағдайы тіркелді. Оның 80%-ы – 14 жасқа дейінгі балалар. Науқастардың 70%-ы – егілмеген балалар. Олардың көпшілігі, яғни 60%-ы – вакцинациялаудан бас тартуға байла-

нысты, 18%-ы – медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты егілмегендер, 22%-ы – егу жасына жетпегендер. 2024 жылдың алғашқы үш айында 1 674 науқас тіркелсе, биыл 1 363 бала қызылша жұқтырған. Ауруға шалдыққандардың 75 пайызы вакцина салдырмаған.

– Қызылша жұқтырған балалардың ең көбі Жамбыл облысында, 300-ге жуық бала ауырған. Екінші – Астана, үшінші кезекте – Ақмола облысы. Дегенмен мамандар биыл қызылша жұқтырғандардың саны бытырғы осы кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай аз делі. Мәселен, былтыр 21 мыңнан аса бала қызылшамен ауырған, – дейді Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының бас маманы Эльмира Құрбанбекова.

Сондай-ақ көкжөтелге шалдыққан балалардың да саны былтырғымен салыстырғанда едәуір аз. Өткен жылы 550-ге жуық, биыл 183 жағдай тіркелген. Олардың 89 пайызы екпе салдырмаған. Сондықтан мамандар дер кезінде екпе алуға кеңес береді.

– Бұл енді ауа тамшылары арқылы жұғатын вирустық инфекция болғандықтан өте тез әрі жылдам тарайды. Мұны тек вакцинамен ғана тоқтата аламыз. Негізінде, қызылшаға қарсы екпе 1 жаста және 6 жаста салынады. Көкжөтел де дәл сол сияқты, – дейді Э.Құрбанбекова.

Айта кетерлігі, қызылша тек Қазақстанда ғана емес әлемде өршіп тұр. Өйткені ауырғандардың біразы инфекцияны шетелден жұқтырып келген. Ол елдердің қатарында Ресей, Түркия, Мысыр, БАӘ, Сауд Арабия, Өзбекстан, Тәжікстан бар.

ВАКЦИНАЦИЯЛАУ – ҒАСЫРЛАР СЫНЫНАН СҮРІНБЕЙ ӨТКЕН ӘДІС

Сонғы он жыл ішінде екпе салдырмайтындар да, екпеге қарсы ғанақандар да көбейді. Салдарынан, аты баяғыда ұмыт болған жұқпалы аурулар қайта шыға бастады. Педиатр Манат Есенғалиеваның айтуынша, кейбір ата-аналар балаларын ектіруге қарсы. Екпе аутизм, ДЦП диагноздарын таратушы деген қауесектер де бар. Бұл қорқыныштың себебі де анық. 1998 жылы Lancet журналында Эндрю Уэйкфилд балалардың екпе алғаннан кейінгі жағдайы туралы деректерді бұрмалап, этикалық және медициналық нормаларды бұзады. 2011 жылы бұл мәселені британдық журналист Брайан жариялады. Осылайша, Эндрю Уэйкфилдты медициналықтәзімнен шығарып, дәрігерлікпен айналысу құқынан айырды. Себебі жүргізілген зерттеулердің барлығы қызылша вакцинасы мен аутизм арасындағы байланысты растаған жоқ.

– Менің пікірім, вакцина балаларға қажет. Шешекке қарсы алғашқы екпе 1796 жылы жасалды. Осыдан екі ғасыр өткен соң Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы шешек ауруының түп-тамырымен жойылғанын хабарлады. Қазір ол екпе салынбайды. Вакцинациялау – қауіпті инфекциялардан қорғандың ғасырлар сынынан сүрінбей өткен әдісі. Ендігі кезекте полиомиелит пен қызылшаны түп-тамырымен жою мәселесі тұр. Олар – балалар үшін өте қауіпті вирустық ауру. Осы сияқты бірқатар вирусты емдеудің тиімді тәсілі жоқ. Тек вакцина ғана сақтайды. Тіпті, бұл аурудан айыққаннан кейін бірнеше жылдан соң асқынуы мүмкін. Мысалы, қызылшамен ауырғаннан 2-3 жылдан соң панэнцефалит басталып, өлімге алып келуі ықтимал. Осы инфекциямен күресуге аурудың алдын алатын екпелер ғана көмектеседі. 2019 жылы әлемде қызылша ауруының аса ауқымды таралуы басталды. Әлемде 207 500 адам қызылшадан қайтыс болды. Орта есеппен қызылшамен ауырған әрбір бесінші адам менингит, энцефалит, пневмония және басқа ұзақмерзімді асқынуларға тап болуы мүмкін. Егер бала екпеден мысқыл аурумен ауырса, кейін бедеулікке әкеледі, – дейді балалар дәрігері.



ҚЫЗЫЛШАҒА АРНАЙЫ ПРЕПАРАТ ЖОҚ

Қызылша жұққанда денеге қызыл бөртпе шығып, ол іріндеп жарыла бастайды. Ауырған баланың жағдайы нашарлап, интоксикация, жөтел күшейеді. Жедел асқынатын аса жұқпалы вирустық инфекция ауа арқылы таралады. Қызылша жұққан баланың дене қызуы 38-40°С-ге дейін көтеріліп, мұрыны, көзі, тамағы қабынады, интоксикация болады. Дауыс қырылдап шықпай қалады, құрғақ жөтел пайда болады. Жарыққа сезімталдық артып, қабақ, мұрыны, еріні ісіп кетеді.

Инкубациялық кезең жасырын өтеді әрі бірнеше аптаға созылады. Осы аралықта оны жұқтырушы вирусты айналасындағыларға жұқтырып жүргенін білмей қалуы мүмкін. Вирус мұрын қуысындағы сілемейлі, тыныс жолдарында болады, түшкіргенде немесе жөтелген кезде ауаға таралады. Бір қызығы, 3 айға толмаған сәбилер анасынан пассив иммунитетті қабылдайды, соның арқасында індетті жұқтырмайды. Алайда анасы қызылшамен ауырған немесе екпе алмаған болса, мұндай сәбиге вирус тез жұғады. Қызылшамен бір рет ауырғанда өмір бойғы иммунитет қалыптасады.

Айта кетерлігі, қызылшаны емдеудің тиімді және ерекше әдісі жоқ. Алайда Денсаулық сақтауды дамыту ұлттық ғылыми орталығының сарапшылар кеңесі ұсынуымен 2016 жылы емдеу хаттамасы бекітілген.

– Қазір егілмеген балалар арасында көкжөтел, қызылша жиі кездесіп жүр. 2 жасқа дейін көкжөтел мен қызылша балаларда өте ауыр өтеді. Тіпті, өлімге ұласуы да ықтимал. Екпеден тек иммунитет тапшылығы, қатерлі ісік, қанның қатерлі аурулары бар балалар ғана тұрақты босатылады. Сонымен қатар дәрігерлер шала туылған, күрсақ ішінде инфекциялармен ауырған, оң мәнті реакциясы, гемолитикалық ауруы болса, бала-

ларды уақытша екпеден босатады. Егер ата-аналарға дәрігер дұрыстап түсіндірсе, «қуып жету» деген екпе бар. Мысалы, 14 жасқа дейін екпе алмаған балаға, мен түсіндіргеннен кейін жеңілдетілген түрде егу жүргізілді, – дейді педиатр.

Дәрігердің пікірінше, АбҚДС вакцинасы тұрақты неврологиялық жағдайда, мысалы, церебралды сал ауруы, даун синдромы, жаракат салдары, акушерлік сал ауруы, аффективті респираторлы пароксизмдерге шалдыққан балалар үшін де қауіпсіз салынуы мүмкін. Оларға егуді денсаулық жағдайы тұрақты күйде болғанда және вакцинацияның пайдасы қатерден айтарлықтай басым болғанда жүргізу керек.

Басты ұраны – қазірге дейін екпе салдырмағандардың өлі ауырмай жүргені. Ал дәрігерлердің айтуынша, екпе салдырмағандар екпе салдырғандардың арқасында ауырмайды. Себебі екпе салдырғандар инфекция тасымалдамайды. Олардың ағзасына түскен кез келген микроб басқаларға жұқпай, өліп қалады. Ал екпе алмаған баланың аса қауіпті ауруларға иммунитеті әлсіз болады. Егер екпеге қарсы ата-аналар көбейе берсе, жер бетінде жұқпалы ауру қаптап, орта ғасырдағы адамзаттың күйін қайта бастан кешеміз. Сол кезде бүгінгі сәби екпе салдырмаған ата-анасын кінәлайтыны анық.

ҚОСЫМША ИММУНДАУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылшаның қауіпті екеніне тағы бір дәлел – әлемдегі сәби өлімінің басты себептерінің бірі ретінде осы жұқпалы індет айтылады. Инфекцияны жұқтырған 5 жасқа дейінгі балалардың 30 пайызында жағдай өте ауыр болған. Бұрын қызылшамен ауырмаған және екпе алмаған адам қызылшамен ауырған адаммен қарым-қатынаста болса, ауру жұқтыру қаупі өте жоғары екені белгілі. Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинияттың ай-

ТАЗАЛЫҚ – ҚАУІПТІ ДЕРТКЕ ТОСҚАУЫЛ

Лейшманиоз тері ауруы Түркістан облысындағы Сыр бойын жағалай отырған ауыл тұрғындарының бас ауруы болып келе жатқанына да жарты ғасырға жуықтады. Дерттің шығу себебі мен оның қаншалықты қауіптілігі бойынша әлі күнге дейін нақты дерек жоқ.


Назгүл НАЗАРБЕК, Түркістан облысы

Лейшманиоз, әсіресе онсыз да күн жылына салысымен шіркеймен алысып, күнделікті тіршіліктерін беттерін тұмшалап істейтін Отырар ауданының тұрғындарына жиі жабысады. Түркістан облыстық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, былтыр өңірде тері лейшманиозы ауруымен 121 жағдай тіркелген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,2 есеге көбейгенін көрсетеді. Ал сырқаттанушылардың 79-ы, яғни 65 пайызы Отырар ауданынан. Қалғаны Шардара ауданы мен Арыс қаласына тиесілі. Қалай қарасақ та барлығы Сыр өңірін жағалай қоныстанған аудан тұрғындарына келген кесел.

ДӘРІГЕРГЕ АПАРУҒА ҚОРҚАДЫ

Жуырда «AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалында мамандар мен жауапты басқарма басшыларының басқосуымен осы тақырып қызу талқыға түсті. Сонда облыстық мәслихатқа Отырар ауданынан сайланған депутат Мырзахан Манапов ауданда осындай тері ауруы әлсез салса да тіркелмей жүргендері де көп екенін айтып өтті.

«Теріде ойық шұңқыр болып жараға айналатын кесел бесіктей баладан, еңкейген қарияға дейін адамның кез келген дене мүшесіне шыға береді. Жара жазылған соң



Елдар КАБА (қолжазба)

да денеде тыртық болып қалып кетеді. Әсіресе, жас қыздардың бетіне шыққан жағдайлар да көп. Жақында бір нәрестенің тура маңдайына осы жара шығып, шұңқыр болып ары қарай тесіліп бара жатқанын көрдім. Бір қарағанда дене түршігетін бұл жағдайды ата-анасы да дәрігерге апарып көрсетуге қорқып отыр. Көксарайда 118 жағдай тіркелгенін естіген ауыл тұрғындары оның мүмкін еместігін, бұл жарамен алысып жүргендердің 500-ден асатынын айтып отырғанда да бар. Бұл дабыл қағатындай жағдайға жетті. Қалай жолын кесеміз, осыны айтыңыздар?» – делі мәслихат депутаты жауаптыларға.

Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Сатыбалды лейшманиоз дерті отырарлықтарды жылда мазалайтынын жасырмады. «Әсіресе, аудандағы Көксарай, Аққұм, Маяқұм, Балтақол елді мекенінде кенінен тараған. Бұл ауру жаз айларында маса шақып, күз айларында тері жарасына айналып, инкубациялық кезеңі 3-6 айдан 1 жылға дейінгі аралығында жалғасады. Науқастар 1 жыл бойы диспансерлік бақылауға алынады. Науқасты аудандық тері аурулар дәрігерлері үйді-үйді аралау барысында анықтайды», – делі ол.

нарлы шаралар арқылы кешенді жұмыс арқылы алдын алуға болады. Мамандардың алдын алуға болатын жағдайларды айтып келе жатқанына да бірнеше жыл болды. Бірақ тері ауруының тоқтайтын түрі жоқ. Облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Нұрбек Нышанов комиссия мүшелерінің жан-жақты талқылауына түскен күрделі мәселені өзіміз-ақ реттеп жатырмыз дегендей кейіп танытты. Оның айтуынша, тері лейшманиозы аурушандығы бойынша Шардара, Отырар аудандары және Арыс қаласының 33 елді мекені зоонозды-тері лейшманиоз

ауруының табиғи ошақтары болып табылады. Кәсіби маман лейшмания жұқтырған москиттердің адам шағуынан кейін дамитынын, терінің зақымдануымен сипатталатынын, науқас денесінде түйіндер, жаралар және тыртықтар пайда болуымен ерекшеленетінін түсіндіріп берді. Зоонозды тері лейшманиозы инфекциясының көзі – кеміргіштер, негізінен үлкен құмтышқандар екенін атап, инфекцияның инкубациялық кезеңі орташа есеппен 2-4 апта, 1 аптадан 1,5 айға дейін созылатынын айтты. Департамент басшысы қазіргі таңда дезинсекция, дератизация жұмыстары Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан 33 елді мекеннің ішіндегі эпидемиалық критерий негізінде 5 жылдан бері аурушандық тіркелген 23 елді мекенде жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

МАМАНДАР БРИГАДАСЫН ҚҰРУ КЕРЕК

Тұрғындардың мазасын алған аса өзекті мәселе жөнінде ұсыныстары мен пікірлерін білдірген комиссия мүшелері ауру жұқтырған адамда терең тыртық іздерін қалдыратын індетпен күресте кешенді алдын алу жұмыстарын белгілеу қажет деп пайымдады. Отырар ауданының бір ғана Көксарай елді мекенінде осы дертпен 118 адам науқастанғанына алаңдаушылығын білдірді. Аурудың табиғи ошақтары саналатын елді мекендерде осы дерттен емдеудің қыр-сырын білетін мамандар бригадасын жасақтау туралы ұсыныстар айтылды. Медицина мамандары бұл ауруды емдеудің бекітілген протоколы қарастырылмағанын айтып, ауру тарайтын ошақтарды залалсыздандыруға баса мән беру керектігіне тоқталды. Эндемиялық аймақ тұрғындарын скринингтен өткізіп, ауру белгілерін ерте анықтауда тест сынамаларын алу керектігі де айтылды. Жиынға қатысушылар ауруды мейлінше жеңіл еңсеруде емдеу протоколын белгілеу, қажетті дәрі-дәрмек сатып алу мәселелері

бойынша еліміздің Денсаулық сақтау министрлігіне ұсыныстар беру маңызды екеніне тоқталып, әр мемлекеттік орган, жергілікті әкімдіктер, өңірдің ғылыми әлеуеті, кәсіби мамандардың өз ұсыныстарын беруі керектігі айтылды.

Кенес мүшелері сондай-ақ ауру ошағы болып отырған аймақтарда кешенді ғылыми зерттеулер жүргізіліп, ауру таралуының алдын алуда іс-қимыл алгоритмін белгілеу қажет деген байламға келді. Бұл бағытта арнайы жұмыс тобын құрып, ең бірінші кезекте атқарылуы тиіс міндеттер белгіленбек. Зиянкестермен күресте арнайы жасақтар құру бойынша да ұсыныстар берілетін болады. Айта кетейік, осы жиында Отырар ауданы әкімінің орынбасары Токсейіт Елекеев те ұсыныстарын білдіріп, лейшманиоз ауруының таралуына тосқауыл қою, шіркеймен, шепіртке және кене сынды зиянкес жәндіктермен күрес жүргізуде паразитология, энтомология ғылыми бағыттары бойынша кешенді жұмыстар қолға алынуы тиіс екеніне ерекше тоқталды. Ғылымға негізделген профилактикалық жұмыстарға баса мән беру керектігін айтып, бұл бағытта арнайы гранттар қарастырудың маңыздылығын жеткізді.

«Зиянкестермен күресте елді мекендерде арнайы стансалар құру, бригадалар жасақтау қажет, дәл қазіргі жағдайда бұл жұмыстарды ауыл әкімдіктері өздерінің шағын бюджеті есебінен, тазалық жұмыстарын жүргізу шеңберінде атқарып отыр», – делі ол.

Аурудың таралуын тежейтін фактор ретінде, жәндіктердің таралуына тосқауыл қоюда тазалықты сақтау аса маңызды болмақ. Осы орайда, аурудың таралуының алдын алуда тұрғын үйлерді дезинсекциядан өткізу, жаппай тазалық сақтау мәселелері бойынша тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге мәслихат депутаттары да тартылуға тиіс. Ендігі міндет – талқыланған жайттар кабинетте қалып кетпей, ұсыныстардың тиынақты орындалуы болып отыр.

МЕЖЕ

20 МАМЫР 2025 | СЕЙСЕНБІ



ЖОСПАРЛЫ ДАМУ – ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК

Абай облысында 2028 жылға дейін жалпы құны 2,7 трлн теңге болатын 29 инвестициялық жоба жүзеге асады. Бұл жобалар 8 мың жаңа жұмыс орнын ашып, аймақ экономикасына серпін бермек. Осы және басқа да оң өзгерістер жайлы аймақ басшысы Берік Уәли өңірдің даму жоспарына арналған жиында мәлімдеді.

Аймақ басшысы жиынды ашқан сөзінде Президенттің облысты құру туралы шешімі шын мәнінде тарихи әділдіктің салтанат құруы екенін атап өтті.


«Облыс құрылған сәттен бастап өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында. Өздеріңізге белгілі, биыл біз Абай Құнанбайұлының 180 жылдық іс-шарасын атап өтеміз. Үкімет бұл бағыттағы көптеген жұмысты қолға алып жатыр. Іс-шараға дайындықты қазірден бастадық, жоғары деңгейде өткізуге атсалысу облысымыздың әрбір тұрғынының міндеті деп білемін», — деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы облыс әкімі ретінде қызметке кіріскен үш ай уақыт ара-

баяндамасында аймаққа инвестиция тарту мәселесіне айрықша тоқталды.

2028 жылға дейін жалпы құны 2,7 трлн теңге болатын 29 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. 8 мың жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Биыл 10 миллиард теңгеге «СемАз» ЖШС өнеркәсіптік алаңдары кеңейтіліп, жылына 6 мың арнайы техника шығаратын желі жаңартылады. «Казпо-лиграф» ЖШС жылына қуаттылығы 40 миллион дана қағаз бен картон бұйымдары өндірісін іске қосады.

Өндірістік инфрақұрылымды кеңейту мақсатында «Өндіріс» индустриялық аймағы 96 гектардан 562 гектарға дейін ұлғайтылады. Аймақ



лығында өңірдің барлық аудан, қалаларын, бұрын аудан орталықтары болған Шар қаласында, Баршатас, Таскескен және Қайнар ауылдарында, жалпы саны 68 елді мекенде болып, тұрғындардың тыныс-тіршілігімен, өзекті мәселелерімен танысты.

«Біз облыстың транзиттік әлеуетін және географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, алдағы үш жылға даму жоспарын айқындап, дамуың негізгі бағыттарын белгіледік. Өңірдің өндірістік, ет, сүт кластерін құру мен суармалы егіншілік әлеуетін арттыруға, ішкі туризмді, әлеуметтік саланы дамытуға, жол және инфрақұрылым жүйелерін жанартуға басымдық беріледі», — деді облыс әкімі.

СЕМЕЙДЕ «ИНВЕТОРЛАР ҮЙІ» АШЫЛАДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли өңірдің алдағы жылдардағы даму жоспары туралы

басшысы қызметке кіріскелі бері 40-тан астам шетелдік инвестормен кездесу өткізді. Енді облыс Ресей және Қытаймен сауда байланысын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Сондай-ақ инвесторлармен жұмысты күшейту мақсатында Семейде «Инвесторлар үйі» ашылады. Бұл шаралар нәтижесінде 2028 жылға қарай облысқа тартылатын инвестиция көлемі 547 млрд теңгеден 800 млрд теңгеге дейін артады деп күтілуде.

«Осы ретте алдағы аптада Қытайға іссапарға шығып, 1 миллиард 200 миллион АҚШ долларына инвестициялық және өңірдің кәсіпкерлерінің өнімдерін сату бойынша 15 меморандумдарға қол қоятын боламыз. Өңірдің дамуына инвестиция тарту — әрбір деңгейдегі әкімнің міндеті. Осыған орай Семей қаласында инвесторларға сүйемелдеу қызметін көрсететін «Инвесторлар үйі» ашылады», — деді аймақ басшысы.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ТУРАЛЫ

Облыс әкімі Берік Уәли өңірдің алдағы жылдардағы даму жоспары туралы баяндамасында ауылшаруашылық саласындағы жобаларға тоқталды. Биыл облыста ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 486 миллиард теңгеге жетіп, өсім 103 пайызды құрады. Ірі қара мал саны 743 мың басқа жетіп, республика бойынша 3-орында тұр.

Өңірде ауыл шаруашылығын дамытудың 2028 жылға дейінгі моделі әзірленді. Ет кластерін құру, сүтті-тауарлы фермаларын салу, ет құс шаруашылығын дамыту және суармалы егіншіліктің әлеуеті сияқты бағыттарды қамтиды. Бұл бағытта ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыру бағдарламасы аясында 13 миллиард теңгеге ет комбинаты, бордақылау алаңдары, сүтті тауарлы фермалары, су үнемдеу технологиялары, қой шаруашылығы, тауарлы балық өсіру жобалары іске асырылуда. Аталған



кентінің оң жағалауында 300 орындық мектеп пайдалануға беріледі.

Мектепке дейінгі білім беру тапшылығын шешу үшін мемлекеттік-жөкешелік әріптестік аясында 2 мың орындық 8 балабақша салу жоспарланған. Қарағайлы ықшамауданында 320 орындық балабақша құрылысы басталды.

АЛАКӨЛ ЖАҒАЛАУЫ АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли өңірдің алдағы жылдардағы даму жоспары туралы баяндамасында туризм өңір экономикасының маңызды бағытына айналуы тиіс екенін атап өтті. Осы мақсатта Туризм басқармасы құрылып, кешенді жұмыстар қолға алынууда.



бастамаларды қолдау үшін 13 млрд теңгеге жобалар қаржыландырылып, жыл соңына дейін қосымша 8 млрд теңге бөліну жоспарланып отыр.

Ет кластерін дамыту аясында Жаңа-семей ауданы Шакаман ауылында «ЕвразияАгроСемей» ЖШС тәулігіне 35 тонна ет өңдейтін кешеннің құрылысы басталды. Мұнда жылына 12,6 мың тонна ет өнімдері шығарылып, 7 мың бас қойға арналған бордақылау алаңы дайындалған.


«Бұл кәсіпорындар жаңа жұмыс орындарын ашып, өңірдің азық-түлікпен қамтылуына үлес қосады. Осы бағытта жұмысты жалғастырып, әкімдік тарапынан тиісті қолдау көрсетуге дайынбыз», — деді облыс әкімі.

75 МЕКТЕП КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес алдағы үш жылда 75 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Биыл жөнделетін 11 мектеп қатарында Аягөз, Үржар,

Биыл Қабанбай ауылындағы Алакөл жағалауын абаттандыру мен туристік аймақтың бас жоспарын өзгертуге 430 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар өңірдің тарихи, мәдени нысандарының инфрақұрылымы кезең-кезеңімен дамытылады. Олардың қатарында Барлық-Арасан шипажайы, Абайдың Жидебай-Бөрілі музейі, Қоңыр-Әулие үңгірі, Қозы Көрпеш — Баян Сұлу ескерткіші, Бесқарағайдағы Тұзды көл, Киелі бұлақ, Ырғызбай, Баянбай ата кесенелері және Елеке сазы қорғандары бар.

«Туристік әлеуетті арттыру мақсатында Семей, Аягөз, Шар қалаларының және Ақтоғай кентінің, Жаланаңқол, Дегелен, Үшбілік, Жарма, Белағаш, Ауыл стансаларындағы теміржол вокзалдары жаңартылады. Қосымша әуе бағыттарын ашу бағытында жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, Семей — Астана — Семей бағытына «Южное-Небо» компаниясының рейсі іске қосылды. Семей — Қарағанды — Семей бағытын ашу көзделіп отыр. Нәтижесінде, облысқа келетін туристер



Семей, Жаңасемей, Бесқарағай аудандарының білім мекемелері бар. Бұл туралы облыс әкімі Берік Уәли өңірдің алдағы жылдардағы даму жоспары туралы жиында айтты.

Сонымен қатар алдағы үш жылда 150 жаңа модификациялы кабинет пен заманауи интерактивті такталар орнатылады. Биылдың өзінде 19 мектепке 55 кабинет, 68 мектепке 68 такта сатып алынады. «Қазақстан халқына» қоры арқылы 33 ауыл мектебі заманауи кабинеттермен жабдықталады.

«Мектептерді күрделі жөндеуден өткізсек те, облыстың барлық мектептерінде оқушылар жабдығының тозығы мәселесі шешімін таппай отыр. Бұл мәселені де алдағы үш жылда кезең-кезеңімен шешетін боламыз. Балалардың қосымша білім алуына жағдай жасау үшін Семей қаласында биыл оқушылар сарайының құрылысын аяқтаймыз», — деді аймақ басшысы.

Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Семей қаласының Қарағайлы тұрғын ауданында 1 200 орындық, Бесқарағай ауылында 300 орындық мектеп ашылды. Биыл Аягөзде 600 орындық, Семей қаласының Шығыс



сарайы, өлкетану музейі, көрме орталығы және амфитеатр салатын болады», — деді аймақ басшысы.

Аймақта спорт саласына да ерекше ден қойылған. Аудандарда жүзу бассейні, модульдік спорт залы, денешынықтыру-сауықтыру кешені сияқты бірқатар нысанның құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар Водный және Бобровка кенттерінде спорт кешендерінің іргетасы қаланды.

СЕМЕЙДЕ ЖАҢА ЫҚШАМАУДАНЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли өңірдің алдағы жылдардағы дамуына арналған жиында осындай жаңалықты жеткізді.

Қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан жаңа ауданда 75 мың тұрғынға арналған тұрғын үй кешендері, 40-тан астам әкімшілік, коммерциялық және әлеуметтік нысандар, саябақтар бой көтеретін болады. Жоба аясында жастар сарайы, Жекпе-жек сарайы, ғалымдар үйі, медиа орталық, көрме орталығы, Достық үйі, инвесторлар орталығы, музыкалық мектеп, филармония, этносаябақ, стадион, колледж, музей, балабақшалар, қонақүйлер мен сауда кешендерін салу жоспарланған.

«Шаһардың солтүстік бөлігінде орналасқан жер көлемі мың гектардан асатын ықшам тиімді көліктік дәліздерімен, ыңғайлы географиялық орналасумен ерекшеленеді. «Семей орманы» мемлекеттік табиғи резерватына жақын тұрғандықтан, осы экологиялық жасыл аймаққа тоқтады. Мұнда жасыл желікті көптеп отырғызуға баса мән беріледі, тұрғындарға жайлы саябақтар салынады. Бұл ықшамауданда Мемлекет басшысының қолдауымен «Абайға құрмет» республикалық акция аясында ұлы Абайдың 180 жылдығына орай еліміздің өзге өңірлері сыйға тартатын маңызды әлеуметтік, мәдени нысандар бой көтеретін болады. Ұзақ мерзімге бағытталған жобаны жүзеге асыру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен серпін береді, жаңа өндіріс орындары мен жаңа жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді. Өңірдің инвестициялық тартымдылығы, оның ішінде жеке инвестиция көлемі артады», — деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі Семейдің басқа аудандары назардан тыс қалмайтынын атап өтті. Шаһардың бос аумақтарына облыстық көпсалалы аурухана, театр сынды маңызды әлеуметтік нысандар салынады.

ЖАҢА МӘДЕНИ НЫСАНДАР САЛЫНАДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли өңірдің алдағы жылдардағы даму жоспары туралы баяндамасында аймақтың мәдениет және спорт саласында іске асырылатын жобалар туралы айтты.

Семейде 530 орындық жалғыз театр үш ұжымға бірдей қызмет етеді. Бұл мәселе Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тарапынан да көтерілді.

Филармония ғимараты 1991 жылдан бері жөнделмеген, Абай атындағы кітапхана 1974 жылғы ғимаратта орналасқан. Мәдениет нысандарының жағдайын жақсарту үшін биыл бірқатар жоба қолға алынады. Абай ауданындағы мәдениет үйінің жабдықтары жаңартылады, Бородулиха ауданының Камышенка ауылында клуб салынады. Мәдениет нысандарының қолдауымен «Абайға құрмет» республикалық акциясы аясында еліміздің өзге өңірлері Семей қаласында музыкалық мектеп, облыстық орталық кітапхана, шығармашылық

ӘСКЕРИ КЕМЕ СУҒА ТҮСІРІЛДІ

Орал қаласында әскери кеме Шаған өзеніне жіберілді. Ол Шаған арқылы Жайыққа түсіп, одан әрі Каспий теңізіне аттанады. Бұл – «Зенит» зауыты құрастырып шығарған 36-су көлігі. Жалпы зауыт су көліктерін құрастыруды 1993 жылы бастаған. Содан бері қарай 40-қа жуық кеме құрастырылған.



Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА, Батыс Қазақстан облысы

Ақжайық жұртшылығы жылда асыға күтетін дәстүр бар. Бұл — әскери кемені суға түсіру мерзімі. Бұл күні қалада кішігірім мереке десе де болады. Таяуда «Семей» деп аталатын әскери-жауынгерлік кеме суға түсірілді. Бұл кеме енді ҰҚК Шекара қызметіне жөнелтіледі. Шекарашылар бұл кемемен теңіздегі шекара қауіпсіздігін қорғайды. Кеме ҰҚК тапсырысымен «Айбар» жобасы аясында дайындалып отыр.

Әр құрастырылған кемені дәстүр бойынша Қазақстанның қалаларымен атайды. Бұл жолы кемені Семей қаласының құрметіне «Семей» деп атаған. Кеме мемлекеттік шекараны күзетуге және қорғауға арналған. Осының арқасында заңсыз кеме қатынасына, контрабандалық операцияларға, рұқсатсыз балық аулау, шекараны заңсыз кесіп өту және т.б. қауіп-қатерлерге кеме арқылы тосқауыл қойылады деп жоспарланған.

— «Семей» кемесі облыс орталығында орналасқан, тарихы терең «Зенит» зауытында жасалғанын зор мақтанышыпен атап өтеміз. 1941 жылы құрылған бұл зауыт еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясының құрамына еніп, бүгінде отандық қорғаныс өндірісінің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының біріне айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде қорғаныс қабілетінің маңызын үнемі атап өтеді. Президент: «Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету — мемлекетіміздің басты басымдығы», — деп бұл саладағы жұмыстың стратегиялық мәнін айқындап берді. Сонымен қатар «Зенит» зауыты теңіз шекарасын күзетуге арналған «Сұңкар», «Бүркіт», «Барыс» сияқты бірқатар кеме

мен кайық жасап шығаруда. Бұл еліміздің әскери-өнеркәсіптік әлеуетінің артып келе жатқанын және отандық өндірістің нақты жетістіктерге жетіп отырғанын көрсетеді, — деді аймақ басшысы Нариман Төреғалиев.

Кеменің ұзындығы — 27,3 метр, ал ені — 6,62 метр. Бұл — 15 адамға арналған кеме. Кеменің ішінің бәрі заманауи құрал-жабдықтармен, қарумен жабдықталған.

Аға лейтенант Жеткерген Айдаров — кеме командирі. Ол 2022 жылы оқуын аяқтағалы шекара қызметінде жұмыс істеп келеді. Қазір ол Маңғыстау өңірінде Каспий теңізіндегі шекара кеңістігін күзетіп жүр.

— Кеме жоғары жылдамдықта жүруге арналған. Бұл — шекара қызметіне арнап құрастырылып отырған 36-су көлігі. Бұл кеменің ерекшелігі — біріншіден, аз адамға арналған, екіншіден, тез жүзеді. Әрі заманауи жабдықтармен қамтылған, — дейді кеме командирі Жеткерген Айдаров.

«Зенит» зауытының директоры Қадыржан Мұқанов бұл кемені құрастыруға екі жыл кеткенін айтты. Әрі бұл кеменің ерекшелігі — теңіздегі 10 балдық толқындарға шыдайды екен.

— Біз қазір Әскери-теңіз күштерінің тапсырысы бойынша 750 тонналық кемені дайындап жатырмыз. 2023 жылы құрастыруды бастадық. Суға 2026 жылы жібереміз деп жоспарлап отырмыз. Бұл өте үлкен, әскери-жауынгерлік кеме болады. Мұндай ірі кемелерді құрастыруға үш жыл уақыт кетеді. Ал мына шағын кемені біз екі жыл құрастырдық, — дейді Зенит зауытының директоры Қадыржан Мұқанов.

Шаған өзеніне түсірілген кеме сәтті қозғалды. Бұл кемені теңіздегі шекара сакшылары қолданатын болады. Олар осы кеме арқылы теңіздегі контрабандамен күреседі және заңсыз шекара кесушілерге тосқауыл қояды.



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Биыл төртінші мәрте өткізіліп отырған іс-шара вокал, хореография, мобилография, аспапта орындау, театр бағыттарын қамтиды. Одан өзге фестиваль

ТАЛАНТТАР ТАНЫЛҒАН КЕШ

Таяуда үш айға созылған Алматы қаласы жастарының Jas Gala шығармашылық фестивалі жеңімпаздары анықталды. Қалалық Жастар саясаты басқармасының қолдауымен және «Алматы студенттер Альянсы» КҚ ұйымдас-тыруымен өткен бұл сайыс Ұлы Жеңістің 80 жылдығына, Жұмысшы жастар жылына, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына, Н. Тлендиевтің 100 жылдығына және Ш. Қалдаяқовтың 95 жылдығына арналды.

«Театр» бағыты бойынша жұлделі 1-орынды иеленген Абай атындағы Казак ұлттық педагогикалық универ-ситетінің «Қағанат» әдеби-шығарма-шылық одағы фестивалға авторлық қойылымын ұсынды. Кейіпкеріміздің сөзінше, әдеби-шығармашылық одақ өз жұмысын 2024 жылдың қазан айында бастаған. Актерлік құрамның мүшесі

арнадық. Біз қазылар алқасы мен көрер-меннің спектакль арқылы берілген сим-воликаларымыз бен идеямызды түсінгеніе қуаныштымыз. Спектакльдің негізгі мәні мен мақсаты — әлемдік індеттердің бетін ашып беру, олардың негізі қайдан шы-ғатынын көрсету. Мәселен, спектакльде Педо және кішкентай Филия есімді кейіпкер бар. Спектакль барысында екі



аясында қатысушылардың қабілетін шыңдап, тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сабақтары мен арнайы мотивациялық кездесулер ұйымдас-тырылған. Осы жылы байқауда Алматы қаласының ЖОО және колледждерінен 2 800-ге жуық студент бағын сынады.

— Jas Gala — жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін, Алматы қаласының жалынды жастары жиналатын дода. Биылғы фестивальға қаламыздың 35 жоғары оқу орнынан, оның ішінде техникалық, педагогикалық бағытта білім алушылар, сондай-ақ колледж студенттері қатысты. Бұл — қатысушылардың тек шығарма-шылығын емес, зияткерлік қабілетін шыңдайтын жоба. Келешекте студенттік көктем фестивалін республикалық ауқымда өткізіміз келеді, — деді «Алматы студенттер Альянсы» КҚ төрағасы Айболат Сембиев.

Сәулет Нұршапағат гала-концерт аяқ-талғаннан кейін бізге қойылымның идеясы туралы әңгімелеп берді.

— Бұл фестиваль — еңбек жолымызды бастаған уақыттан бері қалалық деңгейде қатысып отырған алғашқы жобамыз. Фестивальға ұсынған авторлық спектакльді қоюға шамамен екі апта уақытымызды

кейіпкер педофилияның кейпін ашады — деді Сәулет Нұршапағат.

Jas Gala — бұл жай ғана қатысушы-лардың өнерін сарапқа салатын алаң ғана емес, жастардың арманы мен үміті тоғысқан, идея мен шабытқа толы орта. Мындаған студенттің басын қосқан жоба алдағы уақытта да жалғасын таппақ.



ҚОҚЫС ҚҰРСАУЫНДАҒЫ БЕСТӨБЕ

Степногор іргесіндегі Бестөбе кентінде жұрт жыл-дар бойы мал қорымы мен қоқыс полигонын рет-теуді жергілікті әкімдіктен бастап облыс әкіміне дейін шырылдай жеткізіп келеді. Бірақ биліктің бұл мәселеге назар аударатын түрі көрінбейді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Өңір прокуратурасы жариялаған соңғы деректерге жүгінсек, Ақмола облысында аса өзекті экологиялық мәселелердің бірі — заңсыз стихиялық қоқыс үйінділері. Жұртшылық шашылып-төгілген қоқыс пен оның қолқаны қабатын иісінен әбден қажыған. Өңірде қатты тұрмыстық қалдықтар төгілетін 130 жер учаскесі рәсімдел-генімен, тек 25-нің рұқсат етілген құжат-тары болып шықты. Аймақта 617 елді мекен бар екенін ескерсек, заңды қоқыс полигондары небәрі 19,2 пайызындай ғана екенін көрсетеді. Мәселен, «Қазақстан ғарыш сапары» ұлттық компаниясының жүргізген мониторингінің мәліметінше, 2023 жылы аймаққа рұқсат етілмеген 789 қоқыс үйіндісі анықталып, оның 631-і жойылған. Тек Көкшетау қаласының өзінде ғарыштан түсірілген суреттердің арқасында 96 қоқыс үйіндісі анықталып, жүргізілген шаралардың нәтижесінде 79-ы жойылған. Дегенмен әлі де болса ондаған жыл бойы айналасын түгелдей қоқыс басқан елді мекендер жетіп артылады.

Мал қорымы мен қоқыс полигоны мүлде жоқ Бестөбеде бүгінде алты мыңға жуық халық түгін түтетеді. Елді мекен бытырғы жұттан және су тасқыны сал-дарынан қырылған мал өлекселерінен аяқ алып жүру мүмкін емес халге жетіпті. Мұнымен қоса, халықтың үйреншікті әдетінен ауылдың жан-жағы түгелдей қоқыс басқан. Қазір елдің іргесіне дейін тақалып қалыпты. Мал қорымы болма-ғандықтан, халық өлекселерді далаға тастап кетуге мәжбүр. Мәселе бірнеше

жыл бойы айтылып жатса да еш нәтиже шықпаған. Жергілікті тұрғындар аталған мәселенің жыл сайын әкімдердің есептік кездесулерінде, өңірге келген құзырлы министрлік өкілдері мен депутаттардың жеке қабылдаулары кезінде де талай мәрте айтылғанымен, билік құрғақ уәдесен аса алмай жатқанын қынжылыспен жеткізді.

— Мәселе жылдар бойы халықтың ащы жанайқайына айналғанымен, оны іс жүзінде шешу жергілікті әкімдіктің еш назарына да алынар емес. Мал қорымы болмауынан тұрғындар мал өлекселерін заңсыз қоқыс үйінділеріне сүйреп тастайды. Аталған мәселе бойынша өткен айда облыс әкімінің қабылдауында да болдым.

Өңірде қатты тұрмыстық қалдықтар төгілетін 130 жер учаскесі рәсімделгенімен, тек 25-нің рұқсат етілген құжаттары болып шықты. Аймақта 617 елді мекен бар екенін ескерсек, заңды қоқыс полигондары небәрі 19,2 пайызындай ғана екенін көрсетеді.

Облыс әкімі Бестөбеде мал қорымын салғызуға уәде берген. Алайда күні бүгінге дейін еш әрекет жоқ. Біреулер малды көміп тастауға болады дейді. Бірақ бұл заңнама бойынша өрескел заңбұзушылық болып есептеледі. Әрі аталған әрекет үшін әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соғады. Қоқыс полигонының да жоктығы кенттің айналасын түгелдей қоқысқа айналдырды. Қазір елдің іргесіне дейін



тақалып қалды. Қараусыз мал кенттің ішінде де толып жүреді. Қоқыс контейнер-лерін құлатып, шашып-төгіп кетеді. Кент әкімі малдың қаралмауынан көгалдан-дыруды да жүзеге асыра алмайтынын айтқан. Экология департаментінің бас-шылығына, ветеринарларға барлық құзырлы органдарға жеткізгенімізден еш нәтиже жоқ. Енді тек Президентке жазудан басқа амалымыз қалмады, — дейді жер-

гілікті қоғам белсендісі, Бестөбе кентінің тұрғыны Николай Катчиев.

Аталған мәселе бойынша алдымен Бестөбе кенті әкімдігінің пікірін білмекке ұйғардық. Әкімдік мал өлекселерінің қарапайым жабайы мал қорымына таста-латынын айтып уәде етті.

— Бестөбе кентінің аумағындағы мал-дың өлекселері жабайы мал қорымы биотермиялық шұңқырға тасталатын болады. Онда «Степногор қаласы ве-теринария стансасы» өкілдерімен бірлесіп малдың өлекселері өртеледі. Сонымен қатар қоқыс полигонының айналасына топырақ үйілетін болады, — деді Бестөбе кенті әкімдігі өкілдері.

Түйткілді мәселе жайлы облыс әкімдігі мен құзырлы органдардан да анықтамақ болдық. Облыстық Ветеринария бас-қармасы мал өлекселерінің жергілікті атқарушы органдармен бірге көмілгені

туралы ақпарат жолдады. Сонымен қатар мал қорымының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленгенін жеткізді.

— Қазір қолымызда жалпы құны 58 270 миллион теңгенің жобалық-сметалық құжаттамасы бар. Бюджеттік өтімін эконо-мика және бюджеттік жоспарлау бас-қармасына жолданған. Бестөбе кентіндегі малдың өлекселері бойынша ветеринарлық қызмет жергілікті Бестөбе ауылдық округ әкімдігімен бірлесіп жабайы қарапайым мал қорымына 20 бас ірі қара мал, 10 бас қой-ешкі мен 16 бас жылқының өлекселері жеткізіліп көмілді, — деді Ақмола облыстық Ветеринария басқармасы.

Аймақта онсыз да экологиялық жағ-дайдың ауырлығын назарға алып, бұл жағдайдың экологиялық жағынан қанша-лықты қауіпті болатыны жөнінде Ақмола облыстық Экология департаменті басшы-лығымен тілдестік. Департамент басшысы жағдайдан хабардар екенін айтып, егер алдағы тексеріс кезінде мал өлекселері тазартылмаса, жергілікті атқарушы органға айыппұл салынатынын атап өтті.

—Бұл мәселеден хабардармыз. Степ-ногор қалалық әкімдігіне, Ветеринарлық басқармаға және жергілікті Бестөбе кенті әкімдігіне ветеринармен бірге жұмыс істелсін деп хат жібердік. Қоқыс полигон-дары мен абаттандыру жұмыстарының барлығы — жергілікті атқарушы орган-дардың атқаратын шаруасы. Экологиялық кодекстің 365-бабы бойынша толықтай құзыреттілік жергілікті атқарушы орган-дарға берілген. Дегенмен біздің экология-лық инспекторға барып тексеріп келуге тапсырма бердім. Абаттандыру жұмыстары қолға алынбаса, жергілікті атқарушы органға айыппұл саламыз, — деді Ақмола облысы Экология департаментінің басшысы Мағзұм Күкімбаев.

Жыл сайын қордаланған түйткілді мәселенің іс жүзінде түбегейлі шешіле қалуы екіталай болып тұр. Өйткені кәдімгі заңды мал қорымы мен арнайы қоқыс полигонының болмауынан күні ертең сол бәз-баяғы қалпына келетіні айтпаса да түсінікті. Сондықтан түйткілді мәселеге жергілікті атқарушы органдар мен құзырлы органдар дереу арада шара қабылдап, мә-селені жедел ретке келтіргені жөн бе дейміз...

